

«БЕКТЕМІН»  
«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы  
МКҚК менеджерісі м.у.а:  
 Ж.М.Искакова.  
«10» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызметі туралы ережесі.**

**Жабасак ауылы.  
2023 жыл.**

## 1. Жалпы ережелер.

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызметі туралы ережесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсетуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

## 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс жүзеге асыру жүргізу кезінде басшылыққа алу қажет:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары;
- 4) Өзге де құқықтық актілермен қамтамасыз етіледі.

## 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг.

Сыбайлас жемқорлықтың жүйелі көріністері болған жағдайларда «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны басшысының шешімі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады.
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің дереккөздері – құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.
- 5) Осы баптың ережелері арнаулы мемлекеттік органдардың қызметіне қолданылмайды.

#### 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары мен функциялары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

#### 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеансты жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады.

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.


#### 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс- қызметінің хұқықтары мен міндеттері.

- 1) Өз құзіретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу.
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгеде әрекеттерді жүзеге асыру.


#### 7. Қорытынды ережелер.

Осы ережелер, сондай-ақ енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар «Нұрбөбек» МДҰ басшысының бұйрығымен бекілілтеді және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Ережені әзірлеген:

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	Абдуалиева Баян Жарылкасынқызы	Комплеанс-жауапты адам		10.01.2023

Келісілді:

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	Искакова Жайнагул Маратовна	«Нұрбөбек» МДҰ менгерушісі м.у.а.		10.01.2023